

ӨОЖ 81'42

ГТАХР 16.21.61

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.013>

ПОДКАСТТАРДЫҢ МЕДИА ДИСКУРС ЖАНРЫ РЕТІНДЕГІ СИПАТТАМАСЫ

*Құркимбаева А.М.¹, Базарова Д.А.², Сеитимбетова С.Д.³, Мухаметжанова К.С.⁴

*¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастыр және әлем тілдері
университеті, Алматы, Қазақстан

^{2,3} Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан

⁴ №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Подкасттар заманауи медиа-коммуникация жанры. Подкасттар әртүрлі дискурс аясында қолданылатын және талданатын тілдік құралға айналды. Ұсынылған мақалада қазақ тіліндегі «Zamandas» подкасттарының дискурсивті сипаты, яғни олардың құрылымдық, прагматикалық және коммуникативтік ерекшеліктері қарастырылды. *Зерттеу жұмысының мақсаты* – подкаст дискурсының тілдік, прагматикалық және интерактивтік ерекшеліктерін анықтап, оны медиадискурстың дербес түрі ретінде сипаттау және адресант пен адресаттар арасындағы дискурс құраушы параметрлерін анықтау. *Зерттеу әдістері* ретінде дискурстық талдау, контенттік талдау, прагматикалық интерпретация әдістері қолданылды. Подкаст мәтіндеріндегі сөйлеу стратегиялары, коммуникативтік ниеттер мен тыңдарманмен байланыс тәсілдері талданды. *Зерттеу нәтижесінде* «Zamandas» подкастының қырық эпизоды жеті тақырыптық бағытқа топтастырылды. *Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен құндылығы* подкасттардың Қазақстан медиакөңістігінде қалыптасқан дискурсивті сипаты алғаш рет айқындалып, Zamandas подкасттарын талдау барысында, оның дискурс құраушы алты параметрі анықталды. *Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы* – подкаст дискурсын медиа-лингвистикалық және прагмалингвистикалық тұрғыдан зерттеу арқылы заманауи коммуникациядағы жаңа тілдік формалардың табиғатын түсіндірумен айқындалады. *Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы* – зерттеу нәтижелерін «Медиа дискурс», «Медиа-аударма: контентті талдау және локализациялау» және «Салалық аударма» секілді пәндер аясында оқу материалдары ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, практикалық сабақтарда подкасттарды тіл үйрету, медиа сауаттылық пен коммуникация мәдениетін қалыптастыруда тиімді құрал ретінде қолдану мүмкіндіктерімен негізделеді. Қорытындыда зерттеу нысаны болған *Zamandas Podcast* қазіргі таңда қазақ тіліндегі ең қарқынды дамып келе жатқан подкасттардың бірі екендігі бес фактор арқылы дәлелденді. Зерттеу нәтижелері подкаст-дискурсын одан әрі қарастыруға теориялық негіз бола алады.

Тірек сөздер: подкаст, дискурс, медиамәтін, отандық контент, билингвалды коммуникация, мақсатты аудитория, прагматикалық әсер, сөйлеу стратегиясы

Кіріспе

Цифрлық технологиялар мен интернеттің дамуы қазіргі қоғамда ақпарат алмасудың жаңа формаларын тудырды. Соның ішінде подкасттар ерекше орын алады. Подкаст – жаңа медианың құрамдас бөлігі ретінде отандық ақпараттық кеңістікте жаңадан қалыптасып келе жатқанымен, өзіндік ерекшелігі мен айтар ойы бар медиаформат ретінде таныла бастады. Подкаст – бұл интернет кеңістігінде аудиоформатта таралатын, белгілі бір тақырыпқа арналған пікір, ақпарат немесе әңгіме. Оның басты ерекшелігі – еркін форматта сөйлеу, бейресми стиль мен тыңдаушымен тікелей қатынас орнату мүмкіндігі. Подкасттар қазіргі заманғы медиадискурстың бір бөлігіне айналды. Алғашқы подкасттар 2000-жылдардың басында пайда болғанымен, соңғы онжылдықта бұл формат кең танымалдыққа ие болды. «Подкаст» терминін 2004 жылы журналист Бен Хаммерсли Apple iPod құрылғыларында аудио файлдарды тасымалдау және сақтау тәсілі ретінде ойлап тапты.

Дискурс ұғымы тілді тек құрылымдық жүйе ретінде емес, қолданылу контекстінде, яғни қарым-қатынас барысында зерттеуге мүмкіндік береді. Подкасттарда дискурс – тек тілдік бірліктер жиынтығы емес, ол белгілі бір мағына, ұстаным, идеология мен интенцияны жеткізу құралы десек те болады. Бүгінгі күні подкастар әсіресе жастар арасында танымалдыққа ие. Подкасттар ғылымды талқылау үшін де танымал форумға айналууда. Мысалы, Ресей ғылым академиясының тіл білімі институты 2023-жылдан бастап «Глагольная группа» атты лингвистикалық подкасттарын жүргізіп келеді.

Кембридждің онлайн сөздігіне сәйкес, podcast (iPod + broadcast) термині дербес компьютер немесе MP3 плеерға жүктеуге болатын желіде сандық түрде сақталған радиобағдарламаны білдіреді [1]. Бүгінгі медиакеңістікте подкасттардың бейнеформаттағы түрлері де кездеседі, мұндай форматта дыбыстық қатар спикерлердің бейнесімен қатар ұсынылады.

Б.Филлипстің пікірінше, подкаст – сандық аудио файл, яғни онлайн платформаға жүктеліп және жаһандық деңгейде адресаттар бөлісе алатын контент [2].

2025 жылғы подкаст индексі бойынша подкасттардың саны 4561211-ға жетті [3]. Подкасттар адресанттар мен адресаттар пікірлері, идеялары, оқиғалары және өмірлік тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беретін медиа платформаның ажырамас бөлігіне айналды.

Подкасттардың ерекшелігі – тыңдаушымен дербес қарым-қатынас орнатуында. Подкастерлер өз аудиториясымен сөйлескендей әсер қалдырады, бұл тыңдаушыда сенімділік пен эмоционалды байланыс тудырады. Подкасттардағы дискурс – бұл сөйлеуші мен тыңдаушы

арасындағы динамикалық, көпқабатты қарым-қатынас. Ол тек тілдік құралдармен ғана емес, сонымен қатар **интонация, үзіліс, эмоция, және паралингвистикалық** элементтермен де жеткізіледі.

Подкасттар радиохабарлардан мынадай ерекшелікке ие: олар кейін тыңдау үшін қолжетімді, яғни адресат медиаөнімді тұтыну уақыты мен орнын өзі еркін таңдай алады. Бұл трансформация коммуникативтік үдеріс қатысушыларының өзара қатынасын қайта қарастыруға, медиаөнімдердің сипаттамаларын жаңаша пайымдауға және коммуникацияның табиғатын өзгертуге алып келетін жаңа дискурсивтік ортаны қалыптастырады. Мұндай жағдайда адресаттардың ықпал ету мүмкіндіктері едәуір кеңейеді. Мысалы, олар аудиоматериалдың ойнату жылдамдығын реттей алады, подкастқа бірнеше мәрте қайта орала алады, жүктеп алуға, пікір қалдыруға, контентпен бөлісуге, сондай-ақ тыңдауды өзге әрекеттермен қатар атқаруға мүмкіндік алады.

Мақсатты аудиторияның талғамына қарай медиа кеңістікте орналасқан подкасттарды келесідей тақырыптық топтарға бөлуге болады: бизнес подкасттар, білім саласына арналған подкасттар, танымдық подкасттар, спорт және гендерлік тақырыпқа арналған подкасттар және т.б. Бұл дискурсивті тәжірибенің болашағы оның динамикалық өсуімен дәлелденеді. 2020 жылдан бастап Қазақстандағы подкаст индустриясында айтарлықтай өсім байқалады.

Подкасттар формасына байланысты сұхбат-подкаст және монолог-подкаст түрінде ұйымдастырылады. Зерттеу барысында подкасттардың мақсатты аудиториясын тіл мамандары, филология мамандығының студенттері, журналистер, әдебиет пәнінің мұғалімдері, студенттер құрайтындығы белгілі болды.

Подкасттар педагогика және лингвистика саласында ғалымдардың зерттеу нысанына айналып үлгерді. Мысалы, Е.В. Сажина, Г.З. Бейсембаева сынды отандық ғалымдар подкасттардағы нейротехнология терминологиясының лексикалық және семантикалық ерекшеліктерін зерттеп, талдаған ғылыми мақалалары жарияланды [4].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу материалы ретінде YouTube тұғырнамасында орналасқан отандық Zamandas podcast алынды. Қарастырып отырған подкасттың 40 эпизоды зерттеу материалымызға арқау болды. Подкасттарды талдау барысында дискурсивті талдау әдісі және прагмалингвистикалық талдау әдісі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ профессоры А.Ислам бастаған жас ғалымдар қазақ және ағылшын тілдеріндегі «өмір» ұғымының лингвомәдени және когнитивтік ерекшеліктерін салыстырмалы тұрғыдан талдады. Зерттеу нәтижесінде екі мәдениетте де өмір ұғымының ортақ және «ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ» сериясы No. 4 (79) 2025

ұлттық дүниетанымға сай айырмашылық белгілері айқындалды. Қазақ мәдениетінде өмір табиғатпен үйлесім мен тағдырға мойынсұнумен, ал ағылшын мәдениетінде жеке табыспен ерік еркіндігімен сипатталатындығын анықтаған [5]. Зерттеу жұмысының нысаны болып отырған Zamandas подкасты сұхбат берушілердің өмірге, тағдырға, еңбек пен табысқа қатысты ой-пікірлері қазақ мәдениетіне тән табиғатпен үйлесім, рухани ізденіс және өмірді ұжымдық тұрғыда қабылдау сияқты дүниетанымдық ерекшеліктерді айқын көрсетеді. Осы тұрғыдан Zamandas подкасты қазіргі медиакеңістіктегі өмір концептісінің ұлттық мазмұнын ашып, оны жаңа замандағы қазақ қоғамының құндылықтар жүйесімен сабақтастыра бейнелейтін маңызды дискурсивтік алаң ретінде бағаланады.

Отандық зерттеушілер Салжанова Л.Е., Бактиярова Р.М. медиакеңістіктің дискурсивтік тұлғаның қалыптасуына ықпалын зерттей отырып, дискурсты объективті шындықты пайымдау мен түсіндіру үдерісінде пайдаланылатын ұлттық-мәдени конструкциялардың үлгісі ретінде қарастыруға болады деген қорытындыға келген [6]. Медиадискурсты талдау тек тілдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық сана мен мәдени болмысты қалыптастырушы әлеуметтік-прагматикалық фактор ретінде зерттеу өзекті болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, подкаст форматындағы медиадискурс дискурсивтік тұлғаның қалыптасуында ерекше орын алады. Подкасттар әңгімелеу мен диалогтық қарым-қатынасқа негізделгендіктен, олар қатысушылардың тілдік таңдауы, интонациялық өрнектері мен коммуникативтік стратегиялары арқылы жеке және ұжымдық дүниетанымды бейнелейді. Подкаст кеңістігінде қалыптасатын дискурсивтік тұлға аудиториямен тікелей байланыс орнатып, өз көзқарасын мәдени және әлеуметтік контекст аясында жеткізу арқылы ұлттық-мәдени құндылықтарды жаңғыртады. Демек, подкаст дискурсы медиакеңістіктің бір тармағы ретінде тіл мен мәдениеттің өзара ықпалдастығын көрсететін, тұлғаның әлеуметтік рөлін айқындайтын және ұлттық дискурстық үлгілерді қайта өндіретін маңызды коммуникациялық алаң болып табылады.

Зерттеу барысында Zamandas Podcast эпизодтарын келесідей жеті тақырыптық бағытқа топтастырылды:

- Мәдениет және өнер – 15 эпизод (Айсәуле Бакытбек-Қайдарова: әкесі туралы, шоу-бизнестегі балалық шағы және медиадағы мансабы, Moldanazar және Zamandas: 5 жылдан кейін, Alem және Вероника Жангалова: махаббат дискурсы және т.б);

- Қоғам және гендер / психология / мәдени сын – 8 эпизод (Арзан психологтар: ұлттық мінез, психологиялық дискурс, Айнура Ильясова: ана, гендер, Ләйлә Сұлтанқызы: әйел бақыты);

- Спорт және мотивация – 6 эпизод (Еркебұлан Токтар — спорт және мотивация, Зарина Дияс – табандылық, Айтым Жакупов — мотивация және күре);

- *Медиа, журналистика және қоғам* – 5 эпизод (Гульмира Арыстанбекова – пікірталас мәдениеті, Адиль Лиян — медиа және журналистика, Біржан Ашим — блогинг және мәдениет);

- *Бизнес, технология және инновация* – 4 эпизод (Арсен Томский (inDrive) – цифрлық экономика, Алексей Ли – Ticketon, Aviata, Arbuz, Higgsfield AI – инновация);

- *Экология және азаматтық жауапкершілік* – 2 эпизод (Алексей Сибирский — экология, Қазақстанға АЭС қажет пе?» – қоғам және экология);

- *Мәдени зерттеу және аймақтық контекст* – 1 эпизод (Эльёр Немат – Орталық Азия документалистикасы).

Г.В Ануфриева подкасттың технологиялық және коммуникативті сипаттамаларына сүйене отырып, оның дискурс құраушы параметрлерін келесідей алты бағытқа сүйене отырып анықтайды: 1) жалпы ақпарат (медиа өндірістің ерекшеліктері, дизайны, таралымы және шығарылу жиілігі); 2) мақсаты мен міндеттері; 3) композициясы; 4) жанрлық сипаттамалар; 5) мақсатты аудитория; 6) коммуникативті тиімділік [7]. Ғалымның осы жіктеуін басшылыққа ала отырып отандық Zamandas podcast медиа материалдарын талдаймыз.

Жалпы ақпарат: медиа өндірісінің ерекшеліктері, дизайны, таралымы және шығарылым жиілігі.

«Zamandas Podcast» – қазіргі қазақ қоғамындағы өзекті әлеуметтік, мәдени және жеке мәселелерді ашық талқылайтын подкаст жобасы. Подкаст 2021 жылдан бастап тұрақты түрде шығып келеді және 140-қа жуық эпизоды бар. Жобаның жүргізушісі – Қанат Бейсекеев, яғни авторлық подкаст, YouTube медиа платформасында орналасқан. Қанат Бейсекеевтің платформасына тіркелген адресаттар саны – 368000. Аталмыш подкаст форматы бойынша ашық пікірталас пен сұхбат түрінде құрылады. Подкаст аптасына бір рет шығады. Подкасттардың ұзақтығы – 1 сағат 45 минуттан 2 сағат 30 минут аралығында. Подкасттар әрдайым өзекті тақырыптармен толығып отырады. Аталмыш подкаст қаралымы – 171459. Адресаттар подкаст бойынша 872 пікір қалдырған.

Мақсаты мен міндеттері: «Zamandas» подкастары – қазіргі қазақстандық қоғамдағы мәдени, әлеуметтік, экономикалық және технологиялық үдерістерді талдауға бағытталған медиа жоба. Бұл подкастардың негізгі мақсаты – түрлі сала өкілдерінің (өнер, бизнес, спорт, медиа, ғылым және қоғам қайраткерлерінің) тәжірибесі мен көзқарастары арқылы тыңдарманға заманауи өмірдің көпқырлы бейнесін ұсыну.

Подкастың басты міндеттерінің бірі – қоғамдағы өзекті тақырыптарды ашық талқылау арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру және сындарлы диалог мәдениетін дамыту. «Zamandas» жобасы мәдениет пен тұлға, медиа мен қоғам, дәстүр мен жаңашылдық арасындағы байланыстарды саралай отырып, тыңдарманның сыни ойлау қабілетін арттыруды көздейді.

Сонымен қатар, бұл подкастардың ақпараттық және тәрбиелік миссиясы бар: тыңдарманды кәсіби және тұлғалық дамуға ынталандыру, әлеуметтік жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті дәріптеу. Жобаның құрылымдық ерекшелігі – әр эпизодтың нақты тақырыпқа арналуы және оны сол саланың сарапшысы немесе қатысушысы арқылы ашып көрсетуінде.

Композициясы: Әр подкаст эпизоды бірнеше негізгі элементтерден тұрады: атауы, мазмұнының қысқаша сипаттамасы, кейде маңызды сілтемелер мен байланыс деректері, сондай-ақ шағын қосымша түсіндірме. Подкастер мен тыңдарман арасындағы әңгіме нақты құрылымға негізделіп, жүйелі түрде өрбиді.

Мысалы, «Әйел бақыты / Ләйлә Сұлтанқызы Замандаста» подкасты (14.09.2024 ж.) композициясы бойынша келесідей бөлімдерге бөлінеді:

1) «Ләйла Сұлтанқызы – қазақ тіліндегі әндердің ротациялануы үшін күрес»;

2) «Қазақтілді контенттің шетелдік контентпен теңесуі»;

3) «Әйел бақыты» бағдарламасы арқылы қазақ қоғамында әйелдердің әлеуметтік мәселелерін ашық талқылау дәстүрі қалыптасып, бұрын тыйым салынған тақырыптарды көтеруге мүмкіндік туған уақыт»;

4) «Мариям» қайырымдылық қоры»;

5) «Батырхан Шукеновпен кездескен журналистік жолы және оның мұрасын, шығармашылық жолының бүкіл ұрпаққа ықпалы».

Жанрлық сипаттамасы: Zamandas – тұлғалық сұхбат пен қоғамдық талдауға негізделген интервьюлік-публицистикалық жанрдағы подкаст. Өйткені әр эпизод нақты кейіпкермен сұхбат түрінде өтеді. Бұл подкасттың басты ерекшелігі – танымал тұлғалармен, сарапшылармен және шығармашылық өкілдерімен еркін форматтағы сұхбат жүргізу арқылы қоғамдық, мәдени және жеке тәжірибелік тақырыптарды талдау.

Подкастта дискурс қоғам белсенділері, журналистер, кәсіпкерлер, блогерлер, өнер иелері және жастар өкілдері арасында өрбиді. Коммуниканттар көбіне өз өмірлік тәжірибелерін, көзқарастарын және әлеуметтік мәселелерге қатысты ойларын ортаға салады. Эпизодтар мен мазмұндық ерекшеліктерге шолу барысында «Қазақ қоғамындағы феминизм» эпизодында гендерлік зорлық, экономикалық теңдік, қоғамдағы әйел рөлдері туралы өзекті сұрақтар көтерілсе, «ORDA дәуірінің соңы» – музыкалық индустрия, топтың тарихы, өнер мен мәдениеттің трансформациясы мәселелеріне тоқталса, «Нұрлан Коянбаев: Қазақ комедиясының аңызы» эпизодында – өнер саласындағы жетістік, әзіл мәдениеті, шығармашылық жол талқыланды.

Мақсатты аудитория: подкаст бойынша қалдырған пікірлерді талдау барысында, мақсатты аудиторияның басым бөлігі жастар және соның ішінде әйел адамдар екені белгілі болды. Сонымен қатар, медиасауаттылыққа қызығатын және мәдениет пен қоғамға белсенді қатысы бар аудитория.

Коммуникативті тиімділік: Авторлар қолданған интерактивті

бағдарлама форматы Замандас подкастына тіркелген адресаттар және тыңдармандармен өзара байланыс орнатудың тиімді тетігін қамтамасыз етеді. Ләйлә Сұлтанқызының қатысуымен ұйымдастырылған подкасттың диалогтық форматынан мысал келтірсек, Диалог екі тілде, яғни орыс және қазақ тілінде өрбиді. Жүргізуші Ержан Алдабергенов алғашқы сұрақты орыс тілінде қояды:

Ержан Алдабергенов: Вы сегодня чувствуете себя свободно здесь с нами?

Ләйлә Сұлтанқызы: Ия.

Ержан Алдабергенов: Классно. Хорошо. Я потому что чуточку настраиваюсь

Ләйлә Сұлтанқызы: Неге? Неге? Жок, ешқандай не емес.

Қайрат Бейсекеев: Сколько лет уже на телевидении?

Ләйлә Сұлтанқызы: Мен 94-те КазГУ-ға түстім. 94-те түскен болсам, ол кезде он алтыдамын. Шымкенттен мектеп бітіріп келдім ғой. Сөйтіп халықаралық бөлімге журналистикаға түстім. 97-98-жылдары ғой деймін алғаш рет студентпіз ғой, ақша керек бәрімізге. Қиын кез, оның үстіне перестройкадан кейін. Одан кейін тенгенің пайда болған кезі. Ақшаның құнсызданып жатқан кезі. Жұмыс іздедім. Қайда жұмысқа орналасуға болады. Тіпті, жарайды жұмысқа орналаспай-ақ қояйыншы, практика өтейінші дедім. Біздің ойымызда стандартты дүние ғой. Бірінші практика өтесің, одан кейін сені жарты ставкаға алады, кейін бір ставкаға алады. Кәдімгідей бір сценарий секілді. Сөйтіп сұрастыра келсем. Шахар деген бір теле-радио компания ашылыпты. Өзім топ-томпақпын, барып есігін тоқылдатамын ғой. Тоқылдатсам бір әдемі тәте, келіншек отыр. Маған қарағанының өзі қандай. Қазақтың қыздары сондай болуға болады ма деп ойладым. Мен кішкене жабайылау едім ғой. Оның үстіне Шымкенттен келгенмін. Менің орысшам жоқ. Алматының қыздары бәрі неше түрлі сырға тағады. Менде бір жаман комплекс болды. Сонда ойладым адам болуым үшін, чтобы они со мной считались, мені елеп-ескеру үшін мен обязательно жұмысқа тұруым керек, ақша табуым керек, но сондай ой болды. Сөйтіп Шахардың есігін тоқылдатсам, кіріңіз деді. Тарсылдап әңгіме айтып жатырмын. Менің атым мынандай, менің қолымнан мынау келеді, мынау келеді. Мені практикаға алыңыздаршы дедім [8].

Адресант пен адресат арасындағы дискурсты талдау барысында, сұхбат еркін форматта өткізілген. Подкастта ресми стиль қолданылмаған, ауызекі сөйлеу элементтері басым. Мысалы, қысқарған сөйлемдер, диалогтық құрылым, сұрақ-жауап түріндегі репликалар басым. Жалпы зерттеп отырған подкасттың ұзақтығы – 2 сағат 7 минут. Подкастта билингвалды қолданыс орын алады. Кейбір терминдер мен ұғымдар орыс тілінде беріледі, бұл жастар дискурсына тән ерекшелік. Жүргізуші сұхбат бойы сұрақтардың басым бөлігін орыс тілінде қойғанымен, Ләйлә Сұлтанқызы барлық сауалдарға қазақ тілінде жауап берді. Дегенмен, сұхбат

арасында орыс тіліндегі тілдік бірліктерді қолдану кездеседі. Мысалы, *чтобы они со мной считались, прямой эфир жүргізетінмін, коммерческий радиостанцияда қазақша сөйлеу бір бөлек, біздің радиостанция софт, ну общем 2000-жылдары,еще старалась каждый день кünde бір қазақша ән қоюға және т.б.*

Дискурстық бағыты – әйел рөлі, отбасы құндылығы. Қарапайым және эмоционалды лексика жиі кездеседі (мысалы: шын айтсам, иә ғой, расында).

Прагматикалық деңгейде қарастырып отырған подкасттың негізгі прагматикалық мақсаты – тыңдарманмен ашық, тең дәрежеде коммуникация орнату. Сұхбат беруші тілдік тұлғалар өз пікірін дәлелдеу үшін өмірлік мысалдар, жеке тәжірибе және эмоционалды аргументацияны пайдаланатыны анықталды. Қонақтар арасындағы диалог сенімділік пен ашықтыққа негізделеді, бұл тыңдарманмен байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Қарастырып отырған подкаст бойынша адресаттардың пікірлерінен мысал келтіруді жөн көрдік.

а) @nurbolkulmaganbetov772

Таза қазақ тілінің мәртебесің көтеретін тұлға 🌸 ана тілімізді осылай сөйлеу қажет.

ә) @mmir_b

Жігіттер бұл бір керемет шығарылым болды, бітпесе екен деп тыңдап отырдым. Ләйлә ханымның адами құндылығы, кәсібилігі айтқан әрбір сөзінен білініп тұрдығой. Соңына қарай әпке мен іні арасындағы әңгіме атмосферасына ұласқаны қатты ұнады. Осылай үлкен буыннан қонақ шақыру жоспарда болса Жанар Айжанованы ұсынар едім және бұл ойыммен көпшілік келіседі деп ойлаймын.

б) @Дария Алипбаева

Ләйля Сұлтанқызы өте парасатты, көркіне ақылы сай биік тұлға. Жігіттер бүгінгі қонағыңыз үшін көп рахмет. Керемет эфир болды. Қанат қазақ тілінде де жақсы сөйледі, тырысты. Мач лав💖 [8].

«Zamandas Podcast» тыңдармандарының пікірлерін прагматикалық және тілдік тұрғыдан талдау олардың ұлттық сана мен тіл мәдениетіне деген жоғары жауапкершілігін көрсетеді. Пікірлердің мазмұнында қатысушылардың подкаст қонақтары мен жүргізушілеріне деген құрметі, қазақ тілінің мәртебесін көтеруге бағытталған оң көзқарасы және мәдениетаралық пікір алмасуға ұмтылысы айқын байқалады. Тілдік жағынан бұл пікірлер бейресми, ауызекі сипатта жазылғанымен, бағалауыш лексика, эмоционалды реңкті сөздер мен эмодзилер арқылы жылы, шынайы қарым-қатынас орнатады. Эмодзи (🌸) прагматикалық тұрғыдан эмоциялық қолдау мен қуаныш интонациясын білдіреді. Сонымен қатар ағылшын тілінен енген элементтердің (мысалы, «мач лав») қолданылуы қазіргі қазақ медиадискурсының тілдік динамикасы мен гибриді сипатын дәлелдейді. Жалпы алғанда, бұл пікірлер «Zamandas Podcast»-тың тек ақпараттық

жоба ғана емес, сонымен бірге ұлттық тіл мен мәдени құндылықтарды жаңғыртатын интерактивті коммуникациялық алаңға айналғанын көрсетеді.

Қорытынды

Zamandas Podcast – қазақтілді медиакеністікте жастар аудиториясына бағытталған маңызды коммуникациялық платформа. Ол әлеуметтік тақырыптарды ашық талқылау арқылы пікір алуандығын қалыптастырып, медиамәдениетті дамытуға үлес қосады.

Лингвистикалық тұрғыдан алғанда, подкаст ауызекі сөйлеу стилі мен билингвалды дискурстың заманауи үлгісін көрсетеді. «Zamandas Podcast» бүгінде қазақ тіліндегі ең қарқынды дамып келе жатқан подкасттардың бірі ретінде ерекшеленеді. Бұл құбылысты бірнеше факторлар дәлелдейді.

Біріншіден, подкастаудиториясының кеңеюі байқалады. Жоба YouTube, Spotify және Apple Podcasts сияқты платформаларда тұрақты тыңдармандар қауымын қалыптастырып, жастар мен медиаға қызығушылығы бар аудитория арасында кең танымалдыққа ие болды.

Екіншіден, «Zamandas Podcast» мазмұнының өзектілігімен ерекшеленеді, онда тұлғалық даму, мәдениет, феминизм, ұлттық сана, бизнес, шығармашылық және әлеуметтік жауапкершілік секілді қоғамның маңызды тақырыптары ашық талқыланады.

Үшіншіден, жоба қазақ тіліндегі медиакеністіктің дамуына елеулі үлес қосып, тілдің заманауи форматтағы қолданысын арттыруға, жастардың сөйлеу мәдениеті мен пікір білдіру еркіндігін жетілдіруге ықпал етуде.

Төртіншіден, подкасттың коммуникативтік жаңашылдығы жүргізуші мен қонақ арасындағы ашық әрі шынайы диалог арқылы тыңдарманмен сенімді байланыс орнатуынан көрініс табады. Сондай ақ, «Zamandas Podcast» көпқырлы дискурстық алаң ретінде тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, сонымен бірге мәдени рефлексия мен азаматтық ой кеңістігінің маңызды элементіне айналып отыр. Жалпы алғанда, бұл жоба қазақ тіліндегі жаңа медианың табысты үлгісі ретінде ұлттық дискурстың дамуына және қазіргі қоғамдағы пікір айту мәдениетінің қалыптасуына елеулі серпін беріп отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1]Cambridge Online Dictionary. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/podcast> 06.10.2025

[2]Phillips B. Student-Produced Podcasts in Language Learning — Exploring Student Perceptions of Podcast Activities / B. Phillips // IAFOR Journal of Education. – 2017. – № 5(3). – P. 157–171.

[3]The Podcast Index, 2025. <https://podcastindex.org/> 14.10.2025

[4]Sazhina E.V., Yeleuzhanova A.K., Beysembaeva G.Z, Duisengazy S.M. Lexical and semantic analysis of the neurotechnology terminology in podcasts // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2025. – № 1. – P. 150–166.

Куркимбаева А.М., Базарова Д.А., Сеитимбетова С.Д., Мухаметжанова К.С.

[5]Islam A., Karibayeva B., Kurmanbayeva D., Sopieva B., Muratova Zh., Aldasheva K. Specificity of the Concept “Life” in the Kazakh and English Linguacultures // Theory & Practice in Language Studies (TPLS). – 2025. – Vol 15. – Issue 6. – P 1817.

[6]Салжанова Л.Е., Бактиярова Р.М. Медиакөңістіктің дискурсивті тұлғаны қалыптастыруға әсері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2024. – № 1 (72). – Б. 219–230.

[7]Ануфриева Г.В. Подкасты как новая дискурсивная практика русскоязычных масс-медиа // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2022. – Том 15. – Выпуск 10. –С. 3197–3201.

[8]Zamandas. Әйел бақыты. Ләйлә Сұлтанқызы. <https://www.youtube.com/watch?v=UFyBNo8D6qk&t=513s> 11.10.2024.

REFERENCES

[1]Cambridge Online Dictionary. <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english-russian/podcast> 06.10.2025

[2]Phillips B. Student-Produced Podcasts in Language Learning — Exploring Student Perceptions of Podcast Activities / B. Phillips // IAFOR Journal of Education. – 2017. – № 5(3). – P. 157–171.

[3]The Podcast Index, 2025. <https://podcastindex.org/> 14.10.2025

[4]Sazhina E.V., Yeleuzhanova A.K., Beysembaeva G.Z, Duisengazy S.M. Lexical and semantic analysis of the neurotechnology terminology in podcasts // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2025. – № 1. – P. 150–166.

[5]Islam A., Karibayeva B., Kurmanbayeva D., Sopieva B., Muratova Zh., Aldasheva K. Specificity of the Concept “Life” in the Kazakh and English Linguacultures // Theory & Practice in Language Studies (TPLS). – 2025. – Vol 15. – Issue 6. –P 1817.

[6]Salzhanova L.E., Baktiyarova R.M. Mediakөңістіктің diskursivti tulǵanı qalıptastırwǵa әseri [The influence of the media space on the formation of a discursive personality] // Ablai khan atındaǵı QazXQ және ÄTW Khabarshısı. Filologiya ǵılımdarı seriyası. – 2024. – № 1 (72). – P. 219–230. [in Kaz.]

[7]Anufrieva G.V. Podkasty kak novaya diskursivnaya praktika russkoyazychnykh mass-media [Podcasts as a new discursive practice of Russian-language mass media] // Philological sciences. Theory and practice. – 2022. – Volume 15. – Issue 10. – S. 3197–3201. [in Rus.]

[8]Zamandas. Äyel baqıtı. Läylä Sultanqızı. [Women’s happiness. Leila Sultankuzy]. <https://www.youtube.com/watch?v=UFyBNo8D6qk&t=513s> 11.10.2024 [in Kaz.]

ОСОБЕННОСТИ ПОДКАСТОВ КАК ЖАНРА МЕДИАДИСКУРСА

*Куркимбаева А.М.¹, Базарова Д.А.², Сеитимбетова С.Д.³, Мухаметжанова К.С.⁴

^{*1}Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан

²Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

³Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

⁴Алматинский гуманитарно-педагогический колледж №1
Алматы, Казахстан

Аннотация. Подкасты представляют собой современный жанр медиакommunikации и выступают в качестве языкового инструмента, используемого и анализируемого в различных дискурсивных контекстах. В представленной статье рассматривается дискурсивная природа казахскоязычного подкаста «*Zamandas*», включая его структурные, прагматические и коммуникативные особенности. *Цель исследования* заключается в выявлении лингвистических, прагматических и интерактивных характеристик подкаст-дискурса, в определении его как самостоятельного типа медиадискурса, а также в описании параметров, формирующих коммуникацию между адресантом и адресатом. В качестве основных *методов исследования* использованы дискурс-анализ, контент-анализ и прагматическая интерпретация. Проанализированы речевые стратегии, коммуникативные интенции и способы взаимодействия с аудиторией в текстах подкастов. В результате исследования сорок эпизодов подкаста «*Zamandas*» были сгруппированы по семи тематическим направлениям. *Научная новизна и ценность* работы состоит в том, что впервые выявлена дискурсивная природа подкастов в казахстанском медиапространстве; в ходе анализа подкаста «*Zamandas*» определены шесть дискурсообразующих параметров. *Теоретическая значимость исследования* заключается в объяснении природы новых языковых форм современной коммуникации через изучение подкаст-дискурса с медиалингвистических и прагматических позиций. *Практическая значимость исследования* определяется возможностью использования его результатов в учебном процессе при преподавании дисциплин «*Медиадискурс*», «*Перевод медиа: контент-анализ и локализация*» и «*Отраслевой перевод*». Кроме того, показаны перспективы применения подкастов в качестве эффективного инструмента обучения языку, развития медиаграмотности и формирования культуры коммуникации. *В заключение* отмечается, что на основании пяти факторов подкаст «*Zamandas*», выступивший объектом исследования, в настоящее время является одним из наиболее динамично развивающихся казахскоязычных подкастов. Полученные результаты могут служить теоретической основой для дальнейшего изучения подкаст-дискурса.

Ключевые слова: подкаст, дискурс, медиатекст, отечественный контент, билингвальная коммуникация, целевая аудитория, прагматический эффект, речевая стратегия

PECULIARITIES OF PODCASTS AS A MEDIA DISCOURSE GENRE

* Kurkimbayeva A.M.¹, Bazarova D.A.², Seitimbetova S.D.³,
Mukhametzhanova K.S.⁴

^{*1}Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World
Languages, Almaty, Kazakhstan

²Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

³Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan

⁴Almaty Kazakh humanitarian- pedagogical college №1, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Podcasts are a modern genre of media communication and serve as a linguistic tool used and analysed in various discursive contexts. This article examines the discursive nature of the Kazakh-language podcast *Zamandas*, including its structural, pragmatic and communicative features. *The aim of the study* is to identify the linguistic, pragmatic and interactive characteristics of podcast discourse, to define it as an independent type of media discourse, and to describe the parameters that shape communication between the sender and the recipient. The main *research methods* used are discourse analysis, content analysis and pragmatic interpretation. The study analyzes speech strategies, communicative intentions, and methods of audience interaction in podcast texts. As a result of the study, forty episodes of the *Zamandas* podcast were grouped into seven thematic areas. *The scientific novelty and value* of the work lies in the fact that the discursive nature of podcasts in the Kazakhstani media space has been revealed for the first time. During the analysis of the *Zamandas* podcast, six discourse-forming parameters were identified. *The theoretical significance of the study* lies in explaining the nature of new linguistic forms of modern communication through the study of podcast discourse from a media-linguistic and pragmatic perspective. *The practical significance of the study* is determined by the possibility of using its results in the educational process when teaching the disciplines “Media Discourse”, “Media Translation: Content Analysis and Localisation”, and “Field Translation”. In addition, the study demonstrates the potential of podcasts as an effective tool for language teaching, the development of media literacy, and the fostering of communicative culture. *In conclusion*, the study identifies *Zamandas* as one of the most rapidly developing Kazakh-language podcasts, as evidenced by five key factors. The findings may serve as a theoretical basis for further research on podcast discourse.

Keywords: podcast, discourse, media text, domestic content, bilingual communication, target audience, pragmatic effect, speech strategy

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 15.10.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Куркимбаева Айжан Муратовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастыр және әлем тілдері

университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-2075-3427>, e-mail: aizhan--k@mail.ru

Базарова Динара Аскарровна – Аударма ісі магистрі, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-0429-5320?lang=ru>, e-mail: Bazarova_Dinara85@mail.ru

Сеитимбетова Салтанат Дурмекбаевна – Педагогика ғылымдарының магистрі, сеньор лектор, Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-4632-2200>, e-mail: saltanat_gold@mail.ru

Мухаметжанова Карлығаш Сейткаримовна – №1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі, педагог-сарапшы, ағылшын тілі пәнінің оқытушысы., Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0005-3777-328X>, e-mail: mukhametzhanova_69@mail.ru

Информация об авторах:

Куркимбаева Айжан Муратовна – PhD, ассоциированный профессор, Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-2075-3427>, e-mail: aizhan--k@mail.ru

Базарова Динара Аскарровна – магистр переводческого дела, Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-0429-5320?lang=ru>, e-mail: Bazarova_Dinara85@mail.ru

Сеитимбетова Салтанат Дурмекбаевна – магистр педагогики, сеньор лектор, Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-4632-2200>, e-mail: saltanat_gold@mail.ru

Мухаметжанова Карлығаш Сейткаримовна – Алматинский казахский гуманитарно-педагогический колледж № 1, педагог-эксперт, преподаватель английского языка, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0005-3777-328X>, e-mail: mukhametzhanova_69@mail.ru

Information about the authors:

Kurkimbayeva Aizhan Muratovna – PhD, Associate Professor, Kazakh Abylai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2075-3427>, e-mail: aizhan--k@mail.ru

Bazarova Dinara Askarovna – MA in Translation Studies, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0429-5320?lang=ru>, e-mail: Bazarova_Dinara85@mail.ru

Seitimbetova Saltanat Durmekbaevna – Master of Pedagogy, senior lecturer, Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-4632-2200>, e-mail: saltanat_gold@mail.ru

Mukhametzhanova Karlygash Seitkarimovna – Almaty Kazakh Humanitarian and Pedagogical College No. 1, expert teacher, English language teacher, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0005-3777-328X>, e-mail: mukhametzhanova_69@mail.ru